

БЕКІТЕМІН  
Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту вице-министрі

Е. Осман  
2025 ж.



**Жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары  
арасындағы «JasSkills Kazakhstan 2025»  
республикалық кәсіби шеберлік байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

Осы Ереже жалпы білім беретін ұйымдар оқушыларының арасындағы республикалық кәсіби шеберлік байқауының мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру, өткізу, қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

**1. Жалпы ережелер.**

1.1 Осы ереже «JasSkills Kazakhstan-2025» республикалық кәсіптік шеберлік байқауын (бұдан әрі - Байқау) өткізу және оған қатысу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2 Осы Ереже Жұмысшы мамандықтары жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының негізінде әзірленді.

1.3 Байқауды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі болып табылады.

1.4 Байқаудың бірлескен ұйымдастырушылары: «Talar» КеАҚ, «Алматы қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

1.5 Байқауды ұйымдастыру мен өткізуді *(әдістемелік, ақпараттық және техникалық қамтамасыз етуді)* «Алматы қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

1.6 Байқауды өткізу бойынша ағымдағы және ұйымдастырушылық жұмыстарын ұйымдастыру комитеті *(бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті)* жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитетінің құрамына «Talar» КеАҚ қызметкерлері, білім басқармасының өкілдері, ұйымдастырушы-колледждің қызметкерлері және жұмыс берушілер кіреді.

**2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері.**

2.1 Байқаудың мақсаты оқушылар арасында жұмысшы кәсіптерін дәріптеу, оқушылардың ерте кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету, бастапқы кәсіптік дағдыларымен бөлісу, мамандықты саналы таңдауға және колледжге оқуға түсуге қызығушылығын арттыру.

## 2.2 Байқаудың міндеттері:

### 1. Кәсіби дағдыларды жетілдіру:

- Оқушылардың теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік жасау;

- Қазіргі заманғы технологиялар мен жаңа әдістерді меңгеру мүмкіндігі.

### 2. Озық тәжірибені тарату:

- Білім беру ұйымдарының тәжірибесін насихаттау;

- Жұмысшы кәсіптерді насихаттау бойынша пікір алмасу алаңын құру.

### 3. Жастардың ынтасын арттыру:

- Оқушылардың жұмысшы кәсіптерге деген қызығушылығын арттыру;

- Үздік оқушыларды ынталандыру және қолдау.

### 4. Жұмысшы кәсіптерді дамытуға үлес қосу:

- Өңірлер арасындағы үздік тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету.

## 3. Байқауды ұйымдастыру комитеті мен техникалық комитеттің, сарапшылардың міндеттері

3.1 Республикалық байқауды өткізу үшін ұйымдастыру комитеті және техникалық комитет құрылады, олар осы Ережеге сәйкес әрекет етеді.

3.2. Ұйымдастыру комитетінің, техникалық комитеттің және байқау сарапшыларының құрамын облыс білім басқармасы айқындайды. Байқау сарапшыларының төрағасы (Бас сарапшы) «Талар» КеАҚ-мен келісіледі.

3.3. Ұйымдастыру комитетінің, техникалық комитеттің және байқау сарапшыларының міндеттері осы Ережемен айқындалады.

3.4 Байқауды ұйымдастырушы барлық Қатысушылар үшін жалпы байқаулық бағдарламаны, сондай-ақ байқаудың ашылу және жабылу салтанатына арналған бағдарламаны дайындайды.

### 3.5 Ұйымдастыру комитетінің міндеттері:

- қатысушылар үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету;

- құзыреттің Техникалық сипаттамасына және байқауды өткізуге арналған Инфрақұрылым парағына сәйкес әрбір құзырет бойынша қажетті жағдайларды, инфрақұрылымды, шығын материалдарын, жұмыс алаңдары үшін жабдықтарды қамтамасыз ету.

- байқауға өткізуге жалпы басшылықты және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

- өтінімдерді қабылдау және тіркеу, байқаулық жұмыстарды сараптауды ұйымдастыру.

- байқау материалдарын бағалауды қамтамасыз ету үшін барлық іс-шаралар түрлері бойынша байқаудың сарапшыларын тарту.

- іс-шараларды өткізудің барлық алаңдарында еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы қауіпсіздік және санитарлық-эпидемиологиялық норма талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

- адамдардың алаңда болу ережелері, эвакуациялау жолдары және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар туралы хабардар ету;

- байқау өтетін жерде медициналық сүйемелдеудің болуын қамтамасыз ету.

3.6 Техникалық комитеттің міндеттері:

- байқау тапсырмаларын әзірлеу;

- байқау тапсырмаларын бағалау критерийлерін әзірлеу және бекіту;

- байқау тапсырмаларын орындау тізімдемесін (мәлімет жинағының тізімі), қорытынды тізімдемесін дайындау;

- байқауды техникалық, ақпараттық қолдау.

3.7 Сарапшылар кеңесінің міндеттері:

- Бас сарапшы және бас сарапшының орынбасары байқау өткізу алаңындағы құзырет бойынша жұмысты басқару, басшылық және жалпы үйлестіру;

- сарапшы өз қатысушысының атынан шығады және оған Бас сарапшы жүктеген рөлге сәйкес өз қатысушысынан басқа жұмыстарды бағалауға қатысуға міндетті.

#### **4. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар**

4.1 Кәсіби шеберлік байқауына қатысушылар - Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерінің 9-10 сынып оқушылары, өңірлік іріктеу кезеңдерінің жеңімпаздары.

4.2 Қатысушы оқушыны бір сарапшы-компатриот алып жүреді.

4.3 Қатысушылар ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасын, сондай-ақ ұйымдастырушылар мен ілесіп жүретін адамдардың нұсқауларын сақтауға міндетті.

4.4. Кәмелетке толмаған қатысушыларда байқауға қатысуына ата-аналарының (заңды өкілдерінің) белгіленген тәртіппен ресімделген жазбаша келісімі болуы қажет.

4.5 Барлық кәмелетке толмаған қатысушылар байқау өткізу кезінде (соның ішінде жол жүру, экскурсия, тұру және байқауға байланысты басқа да іс-шаралар кезінде) қатысушыны жіберетін білім беру ұйымы немесе ата-анасының (заңды өкілдерінің) тағайындаған жауапты ілесіп жүрушілерінің тұрақты бақылауында болуы тиіс.

4.6 Тәртіпті бұзған жағдайда ұйымдастырушылар құқық бұзушының байқау шараларына қатысуын шектеу құқығын өзіне қалдырады.

4.7 Байқау кезінде қатысушыларға телефон/смартфон қолдануға тыйым салынады.

4.8 Байқау қатысушыларына жұмыс орнынан тыс кетуге тыйым салынады.

4.9 Байқауға қатысушы сарапшылар кеңесінің шешімімен келіспеген жағдайда, байқау қорытындысы шыққанан кейін 2 сағат ішінде апелляцияға жүгіне алады.

4.10 Байқауға қатысушы сайыскерлер, сарапшылар, техникалық делегаттар, техникалық делегаттардың көмекшілері, команда жетекшілері, бақылаушылар және Байқауға тағайындалған басқа да тұлғалар (бұдан әрі - *Қатысушылар*) Ереженің талаптарын сақтауға міндетті.

## **5. Байқау өткізудің тәртібі мен мерзімі**

5.1 Байқау офлайн форматта өткізіледі.

5.2 Байқау №2 қосымшаға сәйкес 11 мемлекеттік колледждің (бұдан әрі - *Ұйымдастырушы-колледж*) базасында өткізіледі.

5.3 Байқауды өткізу күні: **2025 жылғы 19 қыркүйек**. Ашылу салтанаты: 18 қыркүйек, жабылуы: 20 қыркүйек 2025 жыл.

5.4 Байқауға қатысу үшін ұйымдастырушы-колледждің электрондық мекен-жайына өтінімді толтыру және жіберу қажет. Ұйымдастырушы - колледждің электрондық мекен-жайы №2 қосымшада көрсетілген;

Байқауды өткізу үшін Ұйымдастырушы-колледж Қатысушылардан өтінімдерді қабылдайды. Байқауға қатысушылардың барлығы тіркелуі қажет. Өтінімдер **2025 жылдың 12 қыркүйегіне дейін қабылданады (1 қосымша)**.

5.6 Республикалық байқауға қатысуды қамтамасыз ету үшін толық ақпарат ұсынылуы тиіс. Бұл талапты орындамау Қатысушының мәліметтері баспа материалдарында және ілінетін жазуларда көрсетілмейтінін білдіреді. Техникалық делегаттар Қатысушылар мәліметтерінің дұрыс жазылуы мен рәсімделуіне тікелей жауапты.

5.7 Қатысушыларды құзыреттер бойынша тіркеуді жауапты тұлғалар жүзеге асырады.

5.8 Өңірден бір құзіретке бір өтініш беріледі, оған Білім басқармасының басшысы қол қояды.

5.9 Әрбір құзырет бойынша байқаулық құжаттама келесі міндетті тармақтарды қамтиды:

- байқау тапсырмасы;
- инфрақұрылым парағы;
- құзыреттіліктің техникалық сипаттамасы.

5.10 Байқауға қатысушының және жекетшінің іс-сапар шығындары жіберуші тарап есебінен қарастырылады.

## **6. Байқаудың мазмұны**

6.1 Байқау тапсырмалары WorldSkills стандарттарына сәйкестендіріліп әзірленді. Конкурстық тапсырмалардың толық сипаттамасы әрбір құзырет бойынша конкурстық құжаттамада ұсынылады және Алматы қаласы білім басқармасының ресми сайтында орналастырылады.

6.2. Байқау Құрылыс және құрылыс технологиялары, Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, Өндірістік және инженерлік технологиялар,

Өнер және дизайн, Әлеуметтік және жеке қызметтер, Көлік және логистика салаларын қамтитын сұранысқа ие 11 кәсіп бойынша өтеді.

6.3. Байқау тапсырмаларының форматына сәйкес қатысушы келесі практикалық тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етуі қажет:

- **Құрылыс және құрылыс технологиялары** - Электр монтаждау жұмыстары: конкурс тапсырмасы бір модульден тұрады. Оқу стендінде электрлік сұлбаны жинау. Қатысушылар кәсіби дағдыларын көрсетіп және қауіпсіздік ережелерін сақтануы керек;

- **Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар** - Веб-технологиялар: конкурс тапсырмасы үш модульден тұрады: А — Figma-да дизайн, В — Visual Studio Code-та әзірлеу және орналастыру, С — JavaScript арқылы интерактивтілік қосу. Қатысушылар EduSpace үшін бірбеткей прототип жасап, веб-дизайн, беттеу және бағдарламалау дағдыларын берілген талаптарға сай көрсетеді;

- **Мобилография**: конкурс тапсырмасы үш модульден тұрады: сценарий құру, бейнетүсірілім және бейнемонтаж. Қатысушылар берілген талаптарға сай жұмыс орындап, кәсіби дағдыларын, шығармашылық көзқарасын, заманауи технологияларды меңгеруін және қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін сақтауын керек;

- **Өндірістік және инженерлік технологиялар** - Ақылды үй технологиясы: конкурс тапсырмасы «Ақылды үй» моделін құрастыру және оның жұмысын қамтамасыз ететін бағдарламаны жазудан тұрады. Жарық датчигін, жарықдиодтарды, желдеткішті және Bluetooth модулін қосып, сұлбаны жинау қажет. Жарықдиодтар жарыққа әсер етіп жұмыс істеуі, ал желдеткішті телефон арқылы басқару мүмкіндігі тексерілуі тиіс. Бағдарлама датчик бойынша автоматты жұмыс пен Bluetooth арқылы интерактивті басқаруды қамтамасыз етуі керек;

- **Өнер және дизайн** - Графикалық дизайн: қатысушы эссе жазу, мәтінді теру, суретті өңдеу, плакат жасау және қорытынды файлды дайындауды қамтитын кешенді жұмысты орындау керек;

- **Әлеуметтік және жеке қызметтер** - Аспаз ісі: байқау тапсырмасы екі модульден тұрады: асқабақтан езбе-көже және тауықтан ыстық тағам дайындау. Қатысушылар тағамды әзірлеу мен әсемдеудегі кәсіби дағдыларын технологиялық талаптар мен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып көрсетеді; - Шаштараз ісі: байқау тапсырмасы үш модульден тұрады, олардың әрқайсысында қатысушылар манекенге «клиенттің басы» тілектері мен шабыт көзі болып табылатын фотосуретке сәйкес әйелдер шаш үлгілерін орындайды. Тапсырмалар кәсіби дағдыларды көрсетуге, сәндеу, әшекейлерді қолдану және өру элементтерін орындауға бағытталған, сонымен қатар коммерциялық стандарттар мен қауіпсіздік техникасын сақтау талап етіледі;

- Мейрамхана қызметі: конкурстық тапсырма 4 модульден тұрады: майлықтарды бүктеу, тақырыптық үстелді (АРТ үстел) орнату, жеміс табағын дайындау, авторлық алкогольсіз коктейль дайындау, Қатысушылар тамақтану саласында қызмет көрсету кезінде қажетті кәсіби дағдыларды көрсетеді;

- Наубайхана шеберлігі: конкурс тапсырмасы үш модульден тұрады: бидай нанын, өнімдерді және кекстерді пісіру. Қатысушылар қамырмен жұмыс жасау, өнімдерді әрлеу және пісіру дағдыларын технологиялық талаптар мен қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып көрсетеді;

- Сән технологиясы: конкурстық тапсырма үш модульден тұрады: А-Таңдалған матаға сәйкес үлгі эскизін жасау, В-Шоперді (қол сөмке) пішу және тігу, В-Ұсынылған материалдардан шоперді (қол сөмке) безендіруге арналған әшекей жасау;

- **Көлік және логистика** - Жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету: Hyundai G4NA 2,0л бензинді қозғалтқышты жартылай бөлшектеу және құрастыру бойынша жұмыстарды практикалық орындау.

## **7. Байқауды қорытындылау және марапаттау.**

7.1 Әр құзыретке арналған тапсырма өлшемдеріне сәйкес ең жақсы нәтиже көрсеткен қатысушылар әр бағыт бойынша байқау жеңімпаздары болып табылады.

7.2 Байқау нәтижелері CIS бағалау жүйесі бойынша анықталады. Бағалау нәтижелері байқау хаттамасына енгізіледі.

7.3 Егер екі немесе одан да көп Қатысушылар арасындағы айырмашылық 700 баллдық шкала бойынша 2 ұпайдан аспаған жағдайда бірдей медальдар беріледі, 2 және одан да көп – Алтын, 2 және одан да көп – Күміс, 2 және одан да көп – Қола, кәсіпқойлығы үшін медальдармен марапатталады.

7.4 Байқау комиссия мүшелері және сарапшы-компатриоттар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хаттарымен марапатталады

**«JASSKILLS KAZAKHSTAN 2025» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУҒА  
ӨТІНІМ**

№ р/с	Өңір атауы	Құзырет атауы	Қатысушы ның Т.А.Ә.	Оқу орны, қатысушының туылған күні, байланыс телефоны және электронды поштасы	Жетекшісін ің/компатр иоттың Т.А.Ә.	Жетекшінің лауазымы, жұмыс орны, байланыс телефоны және электронды поштасы
1						
2						
3						

Өңірлік ББ басшысы \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

Орындаушы:

Т.А.Ә: \_\_\_\_\_

**JASSKILLS KAZAKHSTAN 2025 БАЙҚАУЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ  
ӨТКІЗУГЕ ЖАУАПТЫЛАР**

№р/ с	Ұйымдастырушы – колледж атауы	Құзырет атауы	Бас сарапшының ТӘА, лауазымы және байланыс телефоны	Құзырет бойынша қатысушыларды тіркеу үшін e-mail
1	Алматы көпсалалы колледжі (Жандосов к-ші 63)	Веб технологиялар	Шаукенова Дана Еркінқызы, ө/о шебері, 8 771 629 7802	<a href="mailto:amk-college@almatybilim.kz">amk-college@almatybilim.kz</a>
2	Принтмедиа технология колледжі (Шевченко к-ші, 202)	Графикалық дизайн	Кошербаева Айман Оралжановна, ө/о шебері, 8 707 300 5951	<a href="mailto:kaipova_aynur@mail.ru">kaipova_aynur@mail.ru</a>
3	Алматы технологиялық колледжі	Аспаз ісі	Таиров Ришат Таиржанович ө/о шебері, 8 747 957 8870	<a href="mailto:talrov.13.99@gmail.com">talrov.13.99@gmail.com</a>
4	Алматы сән және қызмет көрсету колледжі	Шаштараз ісі	Саурбаева Сандуғаш Ануарбекқызы ө/о шебері, 8 747 672 7330	<a href="mailto:sauyrbaeva.sandugash@mail.ru">sauyrbaeva.sandugash@mail.ru</a>
5	ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE (Тастак 1, 1В үй)	Мобилография	Сарсенов Алтынбек Жарылқапулы ө/о шебері, 8 771 420 9017	<a href="mailto:polytechskills25@gmail.com">polytechskills25@gmail.com</a>
6	Алматы құрылыс-техникалық колледжі	Ақылды үй технологиясы	Рахметжанова Толкын Мауленовна, ө/о шебері, 8 747 339 2757	<a href="mailto:tolkyn2304@gmail.com">tolkyn2304@gmail.com</a>
7	Алматы автомеханикалық колледжі	Жеңіл автокөліктерді жөндеу және қызмет көрсету	Бектуров Ерлан Барлықказинович 8 778 923 9195	<a href="mailto:aak-college@almatybilim.kz">aak-college@almatybilim.kz</a>
8	Туризм индустриясы және қонақжайлылық колледжі	Мейрамхана қызмет көрсету	Омирбекова Гулим Манатовна, 8 707 266 8553	<a href="mailto:Gulim_om@mail.ru">Gulim_om@mail.ru</a>

9	Алматы мемлекеттік бизнес колледжі	Наубайхана шеберлігі	Кабылдаева Куралай Амангельдиевна ө/о шебері, 8 707 822 5642	<a href="mailto:Kuralai31@mail.ru">Kuralai31@mail.ru</a>
10	Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжі	Электр монтаждау жұмыстары	Садакбаев Бекторе Султангалиевич 8 702 781 2759	<a href="mailto:Bektore1990@mail.ru">Bektore1990@mail.ru</a>
11	Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжі	Сән технологиясы	Ягодкина Светлана Владимировна, 8 707 781 8514	<a href="mailto:yagodkin@inbox.ru">yagodkin@inbox.ru</a>